## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қазандағы N 1054 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 наурыздағы N 203 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 маусымдағы N 674 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.06.30 N 674 Қаулысымен.

Кілемдер мен кілем бұйымдарын отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тауарларды жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қазандағы N 1054 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 42, 440-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген тауарларды жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемдерінде:

мына:

| | | |
|---|---|---|
| "4819-дан | Қағаздан, картоннан, целлюлоза талшықтарының мата емес материалдарынан жасалған қораптар, қаптар, сөмкелер, кіші пакеттер және басқа да ыдыстар | Дайындау, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар тауар позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктелуі тиіс. Алайда, барлық пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауы тиіс " |

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

| | | |
|---|---|---|
| "5701 | Өрнекті кілемдер және өзге де дайын немесе дайын емес еденге төсейтін тоқыма жабындылар | Тоқымашылық, жайманың түгін қырқу, аппреттеу, бұйымның шетін көмкеру. Бұл ретте пайдаланылатын материалдар 5702, 5703, 5704, 5705 00 |

| | | |
|---|---|---|
| | | позицияларынан ерекшеленетін позицияда жіктелуі тиіс, ал олардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауы тиіс |
| 5702 | Мата кілемдер және "кілемді", "шумақты", "кермені" және қолдан жасалған осыған ұқсас кілемдерді қоса алғанда, өзге де дүрияландырылмаған немесе флокирлендірілмеген, дайын немесе дайын емес еденге төсейтін тоқыма жабындылар | Тоқымашылық, жайманың түгін қырқу, аппреттеу, бұйымның шетін көмкеру. Бұл ретте пайдаланылатын материалдар 5701, 5703, 5704, 5705 00 позицияларынан ерекшеленетін позицияда жіктелуі тиіс, ал олардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауы тиіс |
| 5705 00 | Кілемдер және дайын немесе дайын емес еденге төсейтін өзге де тоқыма жабындылар | Тоқымашылық, жайманың түгін қырқу, аппреттеу, бұйымның шетін көмкеру. Бұл ретте, пайдаланылатын материалдар 5701, 5702, 5703, 5704 позицияларынан ерекшеленетін позицияда жіктелуі тиіс, ал олардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауы тиіс ". |

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК